

"Туберкулез ошақтарында санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 18 тамыздағы № 649 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 8 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6457 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылдың 18 мамырдағы № 362 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.05.18 № 362 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 5)тармақшасына және 145-бабының 26)тармақшасына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған «Туберкулез ошақтарында санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (К.С.Оспанов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі С.З. Қайырбековаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Министр</i>	<i>Ж. Досқалиев</i>	
Қазақстан	Республикасының	
Денсаулық	сақтау	министрінің
2010 жылғы	18 тамыздағы	
№ 649 бұйрығымен бекітілген		

«Туберкулез ошақтарында санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Туберкулез ошақтарында санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі (бұдан әрі – санитариялық ереже) оларды сақтамау адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, сондай-ақ туберкулездің пайда болуы мен таралу қаупін төндіретін санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы санитариялық-эпидемиологиялық ережеде мынадай ұғымдар п а й д а л а н ы л а д ы :

1) туберкулез инфекциясының ошағы – бактерия бөлуші науқастың тұратын жері (жекеменшік үй, пәтер, жатақханадағы бөлме), оқу, жұмыс, демалыс орны;

2) байланыс – бактерия бөлетін туберкулезбен ауыратын науқаспен әңгіме үшін барынша жақын арақашықтықтағы немесе тұйық кеңістіктегі адамдар а р а с ы н д а ғ ы ө з а р а і с - қ и м ы л ;

3) байланыста болған адам – сыртқы ортаға туберкулездің микобактериясын бөлетін науқаспен байланыстағы және (немесе) байланыста болған адам.

3. Туберкулез инфекциясы ошағындағы туберкулезге қарсы іс-шаралар м ы н а л а р д ы қ а м т и д ы :

1) туберкулезбен ауыратын науқасты инфекциялық бақылау ережелерін сақтай отырып стационарлық жағдайларда оқшаулау және туберкулезге қарсы препараттармен емдеу. Эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтағанда және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісілген жағдайлар бар болғанда амбулаториялық жағдайларда емдеуге жол б е р і л е д і ;

2) науқас анықталған күннен бастап екі апталық мерзімде байланыста болған адамдарды алғашқы зерттеп-қарау;

3) медициналық көрсеткіштері бойынша байланыста болған адамдарға (17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге) химиялық профилактика өткізу;

4) дезинфекция ұйымдастыру және жүргізу;

5) науқастар мен олардың отбасы мүшелерін санитариялық оқыту.

4. Санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен, алғашқы

медициналық-санитариялық көмек желісімен (бұдан әрі - АМСК), туберкулезге қарсы ұйымдармен (бұдан әрі - ТҚҰ) және ветеринариялық қызмет (келісім бойынша) ұйымдарымен бірлесіп жүргізіледі.

2. Санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар

5. Бактерия бөлудің қарқындылығы мынаған бөлінеді:

- 1) қышқылға төзімді бактериялардың (бұдан әрі – ҚТБ) нақты санынан 1+ дейін бірқалыпты бактерия бөлуі;
- 2) ҚТБ-ның 2+-дан 3+-ға дейін көлемді бактерия бөлуі.

6. Туберкулез ошақтарының бірінші эпидемиологиялық тобына мыналар ж а т а д ы :

- 1) көлемді бактерия бөлетін науқастар тұратын ошақтар;
- 2) балалар мен жасөспірімдер, жүкті әйелдер, маскүнемдер, нашакорлар бар бірқалыпты бактерия бөлетін науқастар тұратын ошақтар;
- 3) санитариялық-гигиеналық жағдайлары қанағаттанарлықсыз және өмір сүру деңгейі төмен ошақтар .

7. Екінші эпидемиологиялық топқа осы санитариялық ереженің 6-тармағының 2), 3) тармақшаларында санамаланған факторлар болмаған жағдайда , ошақта бірқалыпты бактерия бөлетін науқастар тұратын туберкулез ошақтары ж а т а д ы .

8. Туберкулез ошақтарының үшінші эпидемиологиялық тобына мыналар ж а т а д ы :

- 1) бактерия бөлу тоқтаған, бактерия бөлушінің тұратын жерден кеткен, тұрғылықты мекен-жайын ауыстырған немесе қайтыс болған (оның ішінде ТҚҰ-ға белгісіз, туберкулез тек ашқан кезде анықталған науқастар) сәтінен бастап туберкулез ошақтары ;

- 2) туберкулезбен ауыратын ауыл шаруашылығы малдары анықталған туберкулез ошақтары .

Туберкулез ошағының үшінші тобының байланыста болған адамдары бір жыл бойы бақылауда болады .

9. Туберкулез инфекциясы ошақтарына топтастырылуына байланысты туберкулезге қарсы және санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары бірлесіп мына тәртіппен барады:

- бірінші эпидемиологиялық топ - тоқсанына кемінде бір рет;
- екінші эпидемиологиялық топ - жарты жылда кемінде бір рет;
- үшінші эпидемиологиялық топ - жылына кемінде бір рет.

10. Туберкулез ошағын эпидемиологиялық бір топтан екінші топқа ауыстыруды ошақта оның қаупін төмендететін немесе арттыратын жағдайлар

өзгерген кезде санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары учаскелік фтизиатрмен бірлесіп жүзеге асырады.

11. Бактерия бөлуші науқастар санын туберкулезге қарсы ұйымдарда есепте тұрған бактерия бөлуші науқастардың нақты санымен салыстыруды санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары ай сайын жүргізеді.

12. Туберкулез ошақтарына әрбір рет бару қорытындылары эпидемиологиялық тексеру картасында көрсетіледі.

13. Ошақтағы санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар алғашқы, ағымдық және қорытынды деп бөлінеді.

14. Алғашқы іс-шаралар науқасты оқшаулау, ағымдық дезинфекцияны жүргізу мен бақылау, ТҚҰ-да байланыста болған адамдарды есепке алу және оларды зерттеп-қарауды қамтиды.

15. Науқасты бактерия бөлуші ретінде есепке алғаннан кейін алғашқы 3 күн ішінде ошақта алғашқы эпидемиологиялық зерттеп-қарау жүргізіледі, оның барысында эпидемиологиялық зерттеп-қарау картасы толтырылады.

16. Ошаққа алғаш барғанда науқастың және оның отбасы мүшелерінің төлқұжат деректері (А.Т.Ә., жасы, жынысы, мекен-жайы), науқастың жұмыс орны мен сипаты анықталады. Науқас ауырар алдындағы 1 жыл ішінде әртүрлі жерлерде тұрған болса одан әрі іс-шараларды жүргізу барлық мекен-жайларды аралағаннан кейін шешіледі.

17. АМСК желісінің және ТҚҰ-ның медицина қызметкерлері науқасты және отбасы мүшелерін инфекция жұқтырудың алдын алуға бағытталған қорғаныш шараларына оқытады.

18. Ошақты зерттеп-қарағаннан кейін оны сауықтыру жоспары құрылады, оған мыналар кіреді:

- 1) науқасты оқшаулау және емдеу;
- 2) көрсеткіштер бойынша балалар мен жасөспірімдерге химиялық профилактика жүргізу;
- 3) өмір сүрудің санитариялық-гигиеналық жағдайларын жақсарту;
- 4) байланыста болған адамдарды зерттеп-қарау;
- 5) ересек байланыста болғандар мен науқасты эпидемияға қарсы және санитариялық-гигиеналық режимдерді сақтау ережелеріне, бірінші кезекте үй-жайды желдетуге, ағымдық дезинфекция өткізуге оқыту.

19. ТҚҰ немесе кабинеттер жоқ ауылдық жерлерде ошақтағы жұмысты АМСК желісінің медицина қызметкерлері жүргізеді.

20. АМСК желісіндегі ұйымдастыру-консультациялық жұмысты облыстық және аудандық ТҚҰ мамандары тоқсан сайын жүргізеді.

21. Ошақтағы ағымдық іс-шаралар бактерия бөлуші туберкулезбен сырқаттанатын науқас үйде болған жағдайда жүргізіледі. Бұл іс-шаралар

санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық), емдеу, ветеринариялық (келісім бойынша) іс-шараларды жүйелі жоспарлы өткізуден тұрады.

22. Ошақта мыналар жүргізіледі:

1) ағымдық дезинфекция; балаларды, оның ішінде жаңа туылған нәрестелерді оқшаулау;

2) байланыста болғандарды зерттеп қарау;

3) науқасты және отбасы мүшелерін гигиеналық тәрбиелеу;

4) өмір сүрудің санитариялық-гигиеналық жағдайларын жақсарту;

5) науқастың амбулаториялық емделуін және байланыста болғандарға химиялық профилактика өткізу сапасын бақылау (сәбилер бақшасы, бала бақшада, санаториялық балаларды сауықтыру ұйымдарында, мектептерде және амбулаториялық — ата-аналармен).

6) Ошақты сауықтыру бойынша жұмысты учаскелік фтизиатр дәрігердің басшылығымен ТҚҰ-ның мейірбикесі жүргізеді.

7) Байланыста болған адамдар ТҚҰ-да мерзімдік зерттеліп-қаралудан өтеді. Мейірбике отбасындағы және басқа да байланыста болғандарды және бірінші кезекте балаларды, жасөспірімдерді және жүкті әйелдерді, сондай-ақ туберкулезбен ауырған ауыл шаруашылығы малдарымен байланыста болған адамдарды зерттеп-қарау бойынша жұмыс жүргізеді.

25. Жаңа туылған нәрестелерді БЦЖ (bacilles Calmette-Guerin) вакцинациясынан кейін вакцинадан кейінгі иммунитет дамығанға дейін босануға көмектесетін ұйымдарда бактерия бөлетін науқастардан 2 айға оқшаулайды. Осы іс-шараға науқасты міндетті түрде ауруханаға жатқызу немесе баланың ошақтан тыс уақытша тұруы арқылы қол жеткізіледі.

26. Туберкулез ошағындағы қорытынды іс-шаралар науқас кеткеннен кейін ошақты бақылауды және оны эпидемиологиялық есептен шығаруды қамтиды.

27. Медицина қызметкерлері ошақтарға барған кезде әлеуетті инфекция жұқтыруға қарсы алдын алу шараларын орындайды (маска, медициналық халат кию және жеке гигиенаны сақтау).

28. Науқастар туралы хабарлама алғаннан кейін 7 күн ішінде фтизиатр мен эпидемиолог жұмыс (оқу) орындарына санитариялық-гигиеналық бөлім мамандарын тарта отырып эпидемиологиялық зерттеп-қараулар жүргізеді. Байланыста болған адамдар шеңбері мен ошақтың шекарасын эпидемиолог дәрігер анықтайды.

29. Жұмыс (оқу) орны бойынша байланыста болғандар қатарына бактерия бөлетін туберкулездің белсенді түрімен сырқаттанатын науқастың айналасындағы жұмыскерлер, қызметкерлер және оқушылар жатады. Барлық байланыста болған адамдарды жұмыс орны (оқу) бойынша ТҚҰ қарайды.

30. Эпидемиолог дәрігер гигиенист дәрігермен бірігіп ошақты тексеру актісін

жасай отырып науқастың жұмыс (оқу) орны зерттейді, еңбек (оқу) жағдайларын, кәсіптік зияндылығын, микроклиматтық жағдайларды, жұмыс (оқу) күнінің ұзақтығын, ауысымдылығын, тамақтану режимін, профилактикалық флюорографиялық тексерулердің жиілігі мен онымен қамтылуды анықтайды.

31. Алдыңғы зерттеп-қарау сәтінен бастап 6 ай өткен байланыста болған адамдарға флюорографиялық тексеру және балалар мен жасөспірімдерге туберкулин сынамасы міндетті түрде жүргізіледі. Көрсеткіштер бойынша фтизиатр химиялық профилактика тағайындауы тиіс; бақылау еміне арналған емшара парағы мен препараттарды ТҚҰ кәсіпорынның немесе ұйымның медициналық пунктіне береді.

32. Эпидемиологиялық тексеру туберкулездің белсенді түрімен сырқаттанатын науқастарды әрбір тіркеген кезде жүргізіледі. Оны эпидемиолог дәрігер және фтизиатр осы ұйымға қызмет көрсететін медицина қызметкері мен оның басшысының қатысуымен жүргізеді. Қажет болған жағдайда мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының тиісті гигиена бөлімшесінің дәрігері тартылады.

33. Барлық байланыста болған адамдар туралы мәліметтер тұрғылықты жері бойынша оларды қарауға тарту үшін емханаға және ТҚҰ-ға беріледі.

34. Соматикалық, инфекциялық және психоневрологиялық стационарларда емдеудегі науқастарға туберкулездің белсенді түрі диагнозы қойылған кезде алғашқы эпидемияға қарсы іс-шаралар кешенін осы ұйымдардың персоналы жүзеге асырады.

35. Туберкулез ошақтарында ағымдық дезинфекция бактерия бөлуші туберкулезбен сырқаттанатын науқас үйде қалған жағдайда жүргізіледі. Іс-шаралар науқасқа «Бактерия бөлетін туберкулез» деген диагноз қойылған және науқас есепке алынған сәттен бастап санитариялық-гигиеналық, эпидемияға қарсы және дезинфекциялық режимдерді сақтауды құрайды. Ошақтағы ағымдық дезинфекцияның ең тиімді тәсілі үй-жайды жиі желдету болып табылады (күніне 2-3 рет 30-40 минуттан).

36. Ағымдық дезинфекцияны және оның дұрыс жүргізілуін ТҚҰ анықтайды, олар науқастарға пайдалану үшін түкіргіштер (кемінде 2) және Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдар береді. Науқастың амбулаториялық картасына учаскелік дәрігер ағымдық дезинфекцияны өткізу күні мен аяқталған күнін белгілейді. Ағымдық дезинфекцияны өткізуді науқасқа немесе отбасы мүшелерінің біреуіне тапсырады (балалар мен жасөспірімдерден басқа).

37. Учаскелік фтизиатр туберкулезбен сырқаттанатын науқасты санитариялық-гигиеналық тәртіп ережелеріне оқытады: маска қолдану, қақырықты түкіргішке түкіру және ағымдық дезинфекция жүргізу. Қақырық

жинау үшін науқасқа тығыз жабылатын қақпағы бар екі түкіргіш бөлінеді.

38. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының дезинфекциялық бөлімдері (бөлімшелері), дезинфекциялық станциялар мен ТҚҰ ағымдық дезинфекцияны ұйымдастыру бойынша әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

39. ТҚҰ-ның барлық үй-жайлары жүйелі түрде (күніне 2-3 рет 30-40 минуттан) желдетіледі, ал персонал қорғау дәрежесі жоғары (кемінде 99 %) масканы пайдаланады.

40. Науқас стационарда болған жағдайда оның киімдері арнайы үй-жайда сақталады және оны күндізгі серуен кезінде пайдалануға жол беріледі.

41. Науқас ауруханадан шыққаннан кейін төсек қажеттіліктері (жастықтар, көрпелер, матрастар және басқалары) дезинфекциялық камераларда зарарсыздандырылады.

42. ТҚҰ-дағы үй-жайлар мен тұрмыстық заттар күнделікті кемінде 2 рет ылғалды тазаланады.

43. Түкіргіштерді жинауды, зарарсыздандыруды және беруді дайындалған персонал арнайы бөлінген үй-жайда жеке қорғаныш құралдарын пайдаланатырып жүзеге асырады.

44. Қолданылған асхана ыдыстарын буфет бөлмесіндегі таңбаланған үстелге қолғаппен жинайды, ол тамақ қалдықтарынан тазалайды, жеке ыдыстарда алдын ала жумастан зарарсыздандырады, сосын жуады және кептіретін шкафтарда немесе жеке үстелде кептіреді.

45. Ыдыстар ауа стерилизаторында зарарсыздандырылады. Қолданылған ыдыстарды жинағаннан кейін үстелдер дезинфекциялық ертіндіге батырылған шүберекпен сүртіледі.

46. Тамақ қалдықтарын сыйымдылыққа (шелек, бак) жинайды, 1:5 қатынасында құрғақ дезинфекциялық құрал себеді. Тамақты термиялық (бумен қайнату қазандықтарында қайнату) әдіспен зарарсыздандырған кезде тамақты мал азығына пайдаланылады.

47. Лас киім-кешекті сұрыптау арнайы киіммен, респиратормен, қолғаппен, резеңке аяқ киіммен, қабырғалары 1,5 м биіктікте кафельденген және механикалық сору-сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталған бөлмеде жүргізіледі.

48. Киім-кешек клеенка қаптарға жиналады, кір жуатын орындарға жіберіледі, мұнда оны зарарсыздандырады. Жеке кір жуатын орын болмаған жағдайда киім-кешек кір жуатын орынға жіберер алдында алдын ала зарарсыздандырылады және белгіленген күндері жеке машиналарда жуылады.

49. ТҚҰ-да инфекцияның нозокомиалды берілуінің алдын алу бойынша іс-шаралар «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 23 шілдедегі № 533 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6430 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

50. Ауыр жағдайларды қоспағанда стационардағы науқастарға баруға жол берілмейді. Бұл ретте келушілер жеке қорғаныш құралдарын (халат, маска) п а й д а л а н а д ы .

51. ТҚҰ-да қорытынды дезинфекция жылына 2 рет және барлық қайта бейіндеу, көшкен, реконструкцияланған, жөнделген жағдайларда жүргізіледі.

52. Қорытынды дезинфекцияны осы санитариялық ережеге 1-қосымшаға сәйкес зарарсыздандыру режимдері мен құралдарының, тәсілдерінің бірімен ж ү р г і з е д і .

53. Ошақтарда қорытынды дезинфекцияны ТҚҰ-нан тапсырыс алынған уақыттан бастап 6 (қала) немесе 12 (ауыл) сағат ішінде дезинфекциялық станция, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының дезинфекция бөлімінің (бөлімшесі) қызметкерлері жүргізеді.

54. ТҚҰ-да қорытынды дезинфекция Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық препараттармен жүргізіледі.

55. Қ о р ы т ы н д ы д е з и н ф е к ц и я :

- 1) науқас ошақтан кеткен және үйде қайтыс болған барлық жағдайларда;
- 2) көшкеннен кейін тұрғылықты жері өзгергенде (пәтерді немесе бөлмені заттарымен қосып өңдеу) жүзеге асырылады.

56. Науқас жыл бойы ошақтан кетпеген жағдайда қорытынды дезинфекцияның жиілігі туберкулез инфекциясы ошағының топтастырылуына байланысты болады және осы санитариялық ережеге 2-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

«Туберкулез ошақтарында санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық ережесіне
1-қосымша

Жекелеген объектілерді зарарсыздандыру әдістері, құралдары және режимдері

р / с №	Зарарсыздандыратын объектілер атауы	Ағымдық дезинфекция кезінде		
		Дезинфекция әдістері мен құралдары	Зарарсыздандыру режимі	
			%-тегі шоғырлану	Минутына экспозиция

1.	Қақырығы бар түкіргіштер	1. Қақпақтарын ашпай түкіргіштерді автоклавтау.	+ 132 ⁰ С 2 атмосфер.	60
		2. Қақырығы бар ашық түкіргіштерді жабылатын қақпағы бар сыйымдылыққа Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдардың бірінің ерітіндісіне батырады.	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
2.	Қақырық	1. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген құрғақ дезинфекциялық құралды себеді	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
3.	Түкіргіштер (қақырық пен қақпақтан босатылған)	1. Сода ерітіндісінде қайнату	2,0	15
		2. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдардың бірінің ерітіндісіне батыру	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
4.	Тамақ қалдықтарынан босатылған ыдыс: шай ыдысы, шанышқылар, тот баспайтын болаттан жасалған пышақтар, алюминий ыдыс, дәрі құтылары	1. Сода ерітіндісінде қайнату	2,0	15
		2. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдар ерітінділерінің біріне батыру	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
		3. Ауа стерилизаторында өңдеу	+180 ⁰ С	60
5.	Тамақ қалдықтары	1. Қайнату	-	30
		2. Себу – тамақ қалдықтары мен Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдар қатынасы	1:5	120
6.	Киім-кешек (төсек әбзелдері, асхана, денеге киетін, жиһаз қаптары)	1. Сода ерітіндісінде қайнату	2,0	15
		2. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдардың бірінің ерітіндісіне салып қою	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
7.	Бет орамалдар, түкіргіштерді салатын қалталар, фланель және мақта-мата қаптар	1. Сода ерітіндісінде қайнату	2,0	15
		2. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдардың бірінің ерітіндісіне салып қою	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
8.	Резеңке бұйымдар	1. Қайнату	-	30
		2. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдар ерітінділерінің біріне батыру	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
		3. Автоклавтау	+ 132 ⁰ С 2 атмосфер.	60
		Желдетіп, ыстық үтікпен үтіктейді. Дақ болған жағдайда, оларды		

9.	Киетін киімдер мен төсек қажеттіліктері	Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдардың бірінің ерітіндісіне салынған тампонмен сүртеді.	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
10.	Аурухана бөлмелеріндегі (қабырғалар, есіктер, жиһаз), емдеу бөлмелеріндегі, жаппай қолданатын орындардағы үй-жайлар	1. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдардың ерітіндісімен сулау	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
		2. Сабын-сода ерітіндісінде суланған шүберекпен жуу	2%	
11.	Қол жуғыштар, писсуарлар, унитаздар, крандар, раковиналар, ванналар	Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдардың ерітінділерімен өңдеу	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
12.	Жұмсақ жиһаз, тұрмыстық ұсақ заттар	Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдардың бірінің ерітіндісінде суланған шүберекпен сүртеді.	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
13.	Ойыншықтар: металл, резеңке, ағаш, пластмасса	Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдар ерітінділерінің бірінде зарарсыздандыру	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
14.	Жұмсақ ойыншықтар мен төсек қажеттіліктері	Камералық дезинфекция		
15.	Клизмаға арналған ұштықтар	1. Автоклавтау	+ 132 ⁰ C 2 атмосфер.	60
		2. Қайнату	-	30
		3. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдар ерітінділерінің біріне салып қою	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
16.	Науқастарды күтуге арналған заттар: астына қоятын дәрет ыдысы, несеп қабылдағыштар, астыға қоятын дөңгелектер	Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдар ерітінділерінің біріне салып қою	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	
17.	Науқастардың аяқ киімдері	Сірке қышқылы ерітіндісімен суланған тампонмен сүрту және экспозициямен ұстау	40%	180
18.	Жинау құралдары	Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдардың бірінің ерітіндісімен зарарсыздандыру немесе салып қою	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	

19.	Бөлінділер (несеп, үлкен дәрет)	2-тармақта көрсетілген режимдер бойынша зарарсыздандыру		
20.	Даладағы дәретханалар мен қоқыс төгетін орлар	Тығыз жауып, толып кетуіне жол бермей күтіп-ұстау.		
		Дәретхана үй-жайларын Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдардың ерітінділерінің бірімен күнделікті дезинфекциялау немесе дезинфекциялық құрал себу . Қоқысты өртейді немесе 2-тармақ режимі бойынша зарарсыздандырады.		
21.	Көлік	Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдардың ерітіндісіне суланған шүберекпен сүрту	Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа (әдістемелік нұсқау) сәйкес	

«Туберкулез ошақтарында санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық ережесіне 2-қосымша

Туберкулез инфекциясы ошақтарын топтастыру және оларда профилактикалық іс-шараларды өткізу

Ошақтардың эпидемиологиялық тобы	Ошаққа фтизиатр, эпидемиолог дәрігерлердің баруы	Ошаққа эпидемиологтың көмекшілері мен мейірбикелердің баруы	Байланыста болғандарды зерттеп-қарау және ошақта профилактикалық іс-шаралар жүргізу	Ағымдық дезинфекция көлемі	Қорытынды дезинфекция өткізу жиілігі
			Клиникалық тексеру , рентгенологиялық зерттеп-қарау, жарты жылда 1 рет қан мен зәрдің талдауы. Көрсеткіштер бойынша – бактериоскопиялық зерттеу. Балалар мен жасөспірімдерге (18 жасқа дейін) жарты жылда 1 рет қосымша Манту сынамаcы жүргізіледі.	Объектілерді зарарсыздандыру: түкіргіштерді, ыдыстарды, киім-кешекті, қақырық, үй-жайды жинау құралдары.	

Бірінші	Бактерия бөлу тоқтағанға дейін, тоқсанына 1 рет	Бактерия бөлу тоқтағанға дейін, айына 1 рет	Инфекция жұқтырмаған балалар мен жасөспірімдерге туберкулезге қарсы егулер өткізіледі. Туберкулезге қарсы егулердің аралығы кемінде 5 жыл. БЦЖ вакцинасына тыртық болмаған жағдайда – қайта егу. Балаларды оқшаулау. Байланыста болған балалар мен жасөспірімдерге ҚР ДСМ қолданыстағы бұйрықтарына сәйкес химиялық профилактика жүргізіледі.	Үй-жайды дезинфекция-лық құралдарды міндетті түрде қолдана отырып күнделікті жинау. Үй-жайды желдету. Жеке қорғаныш құралдарын пайдалану.	Жылына 2 рет
Екінші	Жарты жылда 1 рет	Екі айда 1 рет	Бірінші эпидемиологиялық топ ошағындағыдай, бірақ жылына 1 рет.	Бірінші эпидемиологиялық топтағыдай объектілерді зарарсыздандыру	Жылына 1 рет
Үшінші	Жылына 1 рет	Тоқсанына 1 рет	Бірінші эпидемиологиялық ошағындағыдай, бірақ жылына 1 рет.	Үй-жайды күнделікті ылғалды жинау	Жүргізілмейді